



## Ынтымақтастық келісімдер көкжиегі

Сейсенбі күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеуде өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мемлекет басшылары деңгейіндегі отырысына қатысты. Еуразиялық интеграциялық үдерістерді тереңдетуді мақсат еткен отырыс аясында бірқатар мәселелер талқыланды.



Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына арналған сапар барысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті. Кездесуде екіжақты ынтымақтастықты дамытудың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктер аясындағы экономикалық өзара ықпалдастық аспектілері қаралды.

Нұрсұлтан Назарбаев өтіп бара жатқан жыл екіжақты қарым-қатынастарды нығайту үшін табысты болғанын атап өтті. – Біз ХХІ ғасырдағы ынтымақтастық туралы шартқа қол қойдық, бірқатар басқа да келісімдерге қол жеткіздік. Сонымен бірге, жоспарланған екіжақты құжаттарға, атап айтқанда, Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шартқа, Байқоңыр ғарыш айлағын бірлесіп пайдалану жөніндегі жол картасына, сондай-ақ Мінәй және мұнай өнімдерін тасымалдау саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанын атап өтті. – деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде В.Путин Қазақстан Президенті сапарының маңыздылығын және жүргізілген келіссөздердің жемісті болғанын атап өтті. – Тараптармыз белсенді жұмыс істеді, бірқатар құжаттар дайындалды. Соңғы кездесуімізден бергі уақытта едәуір түйткілді салалардағы, сондай-ақ энергетика саласындағы, сондай-ақ «Байқоңыр» кешенін бірлесіп пайдалану жөніндегі екіжақты ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылып, оны аясын ұлғайтуға байланысты нақты мәселелер бойынша көп жұмыс атқарылды, – деді Ресей Президенті.

Осыдан кейін өткен Мемлекет

басшылары отырысында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт жасап, Армения Республикасының Кеңесі мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке қосылуының жол картасымен жұмыс барысы, сондай-ақ экономикалық интеграцияның бірқатар басқа да ағымдағы мәселелері қаралды. Нұрсұлтан Назарбаев жыл соңында кездесіп, еуразиялық интеграциялық үдерістер аясында атқарылған жұмыс қорытындысын шығарудың игі дәстүрге айналғанын атап өтті.

– Өтіп бара жатқан жыл кездесулерге толы болды, соның арқасында біз өзіміздің ортақ интеграциялық ісімізді табысты ілгерілетудеміз. Енді бір аптадан соң біз 2014 жылды – өте маңызды жылды қарсы аламыз. Біз келесі жылы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қоямыз деп сеніммен айта аламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті Минскідегі қазан айындағы уағдаластықтарға қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт жобасының институттық та, функционалдық та бөлігі бойынша келісе алмаушылық өлі де сақталып отырғанын айтты.

Бұған қоса, Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттер басшылары және үкіметтер деңгейіндегі Жоғары кеңеске

үлгісіздік өкілеттіктерді беруге болмайтынын атап өтті.

– Комиссия – үлгісіздік орамы. Біз интеграцияның ілгерілету үшін осыған бардық. Оның өкілеттігі қол қойылған шарттармен және келісімдермен нақты реттеледі әрі тек қана экономикалық салаға жатады. Біз Сідермен бірге, мемлекеттер басшылары ретінде, Комиссия мүшелерін тағайындаймыз, біздің шешіміміз стратегиялық және ұйымдастырушылық сипатқа ие. Біз тапсырмалар береміз, Комиссияның іс-қимылын мақұлдаймыз және шарттарға қол қоямыз. Комиссия оларды орындайды, себебі ол – Жоғары органның тапсырмасы. Осы құрылымды сақтау қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Комиссия жұмысының бұдан да тиімді жолға қойылуына, ЕЭК департаменттеріне біздің азаматтарымыздың теңдей өкілдік етуі мәселесіне шешілуіне назар аударды.

– Үнемі талқылап жүрген тағы бір мәселе – Комиссияға жаңа өкілеттіктер беру. Қазір ЕЭК өкілеттігі аса кеңейтудің қажеттілігі жоқ. Бұл жөнінде біз мамыр айында Астанада да, қазан айында Минскіде де сөйлескенбіз. Өйткенмен, Шарт жобасымен жұмыс барысында Комиссияның көптеген сөздері өзіне қосымша өкілеттіктер алғысы келетіні байқалады. Комиссия

қызметін бағалау тетіктері туралы мәселе қою әлдеқайда пайдалырақ болар еді деп ойлаймын. Қазақстан мен Ресейде мемлекеттік органдарды бағалау жүйесі енгізілген. Солардың негізінде ортақ әдістер әзірлеп, оны Комиссия қызметін бағалауға қолдануға болады, – деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев. Сондай-ақ Мемлекет басшысы қабылданатын шешімдерге Алқа мүшелерінің жеке жауапкершілігін бекітуді ұсынды. Бұл халықаралық шенеуніктерді әр қадаммен салмақтап, кез келген мәселеге объективті қарауға мәжбүр етеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының қорытындысы бойынша баспасөзге арналған бірлескен мәлімдеме жасалды.

Нұрсұлтан Назарбаев қатысушыларға арнаған сөзінде жоғары деңгейдегі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 3 отырысы өткеніне және оның барлық қызметі 2015 жылдың 1 қаңтарынан басталатын Еуразиялық экономикалық одақтың жұмысына бағытталатынына тоқталды.

– Бүгін бізге Шарттың құрылтайшылық және салалық бөлімдерінің әзірленуі туралы толық баяндалды. Осы үлкен жұмыста оң сипаттағы ілгерілетушілік бар екенін атап өткім келеді. 2014 жылдың мамырында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың қорытынды нұсқасына қол

қойымыз үшін әр тарап барынша күш салады. Мұндай жұмыс режімі барысында боларша Одақтың негізгі құжатының сапалы болуын да ұмытпағанымыз маңызды. Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграцияның жаңа деңгейіне сәйкес болуы және барлық қатысушылар мүдделерінің балансын қамтамасыз ету үшін реформалаған жөн, – деді Қазақстан Президенті.

Ал Ресей Федерациясының Президенті В.Путин отырыстың іскерлік және сындарлы ауауалда өткеніне тоқталды.

– Біз Қазақстан және Беларусь президенттерімен бірге еуразиялық экономикалық кооперацияны дамытудың өзекті мәселелерін талқыладық. Қазан айында Минскіде өткен кездесуімізден кейін біз бірлесіп атқарылған ауқымды жұмыстың қорытындысын шығардық. Ең алдымен Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт жобасын дайындауда айтарлықтай ілгерілету қол жеткізді. Жалпы, сарапшылар тарапынан шарттың негізгі институттық бөлімі келісілді, онда болашақ одақтың халықаралық-құқық мәртебесі, міндеттері мен іс-қимыл тетіктері айқындалған, – деді ол.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының қорытындысы бойынша бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды.

## СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

СЕЛЕКТОР

ҚР Премьер - министрі Серік Ахметовтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ҚР Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспарларының орындалуы барысы және Қазақстанның су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасы қаралды. Селекторлық басқосуға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Отырыста күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша ҚР Әділет министрі Берік Імашев хабарлама жасады. Министрдің айтуынша, биылғы жылы Үкіметтің заң жобалау жоспары толық көлемде орындалған. Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспарында бастапқыда 53 заң жобасын әзірлеу көзделген. Бүгінде жыл бойы енгізілген тұзетулерді есепке ала отырып, жоспар бойынша 43 заң жобасын даярлау қарастырылған. Аталған 43 заң жобасының ішінде үшеуіне Елбасы қол қойған және 32-сі Парламент Мәжілісіне енгізілген. Осы арада Серік Ахметов Әділет министрлігіне 2014 жылға арналған заң жобалық жоспарды сапалы әрі уақытылы қамтамасыз етуді тапсырды.

«Мемлекеттік органдар қызметін үйлестіруді күшейту керек. Министрлер мен меморгандардың бірінші басшылары кемшіліктерді жоюды жеке бақылауына алуы тиіс», – дей келе Үкімет басшысы биыл заң жобаларының сапасы мен әзірлеу мерзіміне қатысты сөзін айтып қоршаған сөттердің болғанын ескертті. Өз кезегінде сөз алған Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрі Нұрлан Каппаров су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы туралы жан-жақты баяндады. Оның мәлімдеуінше, бұл жоба ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша еліміздің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының Жалпы ұлттық жоспарына сәйкес әзірленген. Бағдарлама жобасы барлық мемлекеттік органдармен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімшіліктерімен келісілген. Сонымен бірге, талап етілген барлық сараптамадан өткен. Республикалық бюджеттік комиссия бағдарламаның 8,2 трлн. тенге құрайтын жалпы бюджетін қолдаған.



СЕССИЯ

## ӨЗГЕРІСТЕР МАҚУЛДАНДЫ

Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 23 сессиясы өтті. Онда 2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджетке өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды.

Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова ауыл шаруашылығы саласы мамандарын әлеуметтік қолдау үшін атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер бағдарламасына жоспарланған қаржыға тоқталды. Сонымен қатар кәсіпкерлік және туризм басқармасының бюджеттік бағдарламасына «Бизнесің жол картасы-2020» шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілденуді бойынша қаралған қаржы кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға ауыстырылды.

Мәслихат депутаттары өзгерістерді мақұлдап, шешім қабылданды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстың мал шаруашылығын дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген мәжіліс болып өтті. Басқосуға ауыл шаруашылығы басшылары мен мамандары, аудан, қала әкімдері қатысты.

## БАРЛЫҚ АУЫЛ БАҒДАРЛАМАМЕН ҚАМТЫЛУЫ ТИІС

Мәжілістің алғашқы сөзін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев алып, аймақтағы төрт түлікті дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша, қазіргі сәтте облыс бойынша 243,2 мың бас мүйізді ірі қара, 596,3 мың бас қой мен ешкі, 75,1 мың бас жылқы, 33,8 мың бас түйе және 108 мың күс өсірілуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда МІК – 1,6, жылқы 8,2 пайызға көбейсе, түйе – 1,9, уақ мал 11,5 және қос 25,8 пайызға төмендеп отыр. Мұндай төмен көрсеткіштер аудандарда да орын алуда. Дегенмен, мал шаруашылығын дамыту мақсатында республика бюджетінен үстіміздегі жылы 640 млн. тенге бөлініп, біршама мал басы көбейтілген. Сондай-ақ, бүгінгі күні «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасы аясында өнімдімізде жыл басынан бері төрт түлік санын арттыру жұмыстары 123,1 пайызға орындалған.

«Сыбаға» бағдарламасының негізгі жоспарының бірі мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру болса, аталмыш жұмыстар Қазалы ауданы мен Қызылорда қаласында жүзеге асуда. Қазалы ауданы бойынша күніне 206 млн. теңгені құрайтын «Сыр маржаны» ЖШС-на 500 бас мүйізді ірі қараға арналған мал бордақылау алаңын салу жоспарланған. Ал, Қызылорда қаласында «Жирен» ШҚ-да бордақылау алаңы салынып, еліңгілігі берілген. Қазіргі уақытта 100 бас ірі қара малы осы алаңда бордақылануда.

Десек те, мал шаруашылығы саласында шешімін таппай тұрған мәселелер жеткілікті. Мал азығы базасының төмендігі, елді мекендердің маңайында орналасқан жайылымдық жерлердің тозып, құнарлылығы жоғалтуы, қолда бар мал басының негізгі бөлігі жеке тұрғындардың үлесінде болуы, асыл тұқымды мал басының үлес салмағының төмендігі секілді келемі мәселелер мал басын асылдану, өнімділік сапасын арттыруда, селекциялық жұмыстарды жүргізуге мен шұбат, қымыз өнімдерін өндіруге кері әсерін тигізуде.

«Жыл сайын 650 мың тонна көлемінде шөп дайындалып жүр. Оның үстіне құрама жем республиканың өзге аймағынан қымбат бағамен алынатындықтан, бұл да қиыншылық тудырады. Алайда, алдағы жылы қуаттылығы тоулігіне 80 тонна құрайтын құрама жем зауытын іске қосып жоспарлануда. Сол кезде мал азығы дақылдарының көлемін 2 мың гектарға дейін көбейтетін боламыз. Мәселен, бір гана Қазалы ауданында 1000 гектар сүрлем жүгері егілетін болады. Бұл мәселеге басқа аудандарда аса мән беріп, ерекше көңіл бөлсе. Сондай-ақ, бірқатар аудандардағы су тоспаларын қалпына келтіре отырып, Қараөзек арнасын реттелсе, 90 мың гектар табиғи жайылымдықтар мен шабындықтарды суландыруға қол жеткіземіз. Бұл ҚР Қоршаған ортаны қорғау және Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыныс жіберілу арқылы қолдау табуда. Осыған байланысты аудан әкімдері қазірген бастап шалғайдағы жайылымдықтарды шығатын мал басын анықтап, шаруашылықтар бойынша сызбасын әзірлеуі керек», – деді хабарламашы Т.Дүйсебаев.



## ЖАҢАЛЫҚ

## ҚАЗТЕЛЕРАДИО САНДЫҚ ТЕЛЕДИДАР ЖОБАСЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

«Қазтелерадио» АҚ Қызылорда қаласы мен қалаға жақын елді-мекен тұрғындарына қолжетімді сандық эфирлі теледидарды іске қосты.

Осылайша, 250 мыңнан астам халқы бар облыс орталығында сандық сапамен абоненттік төлемі жоқ отандық телеарналарды тамашалауға мүмкіндік жасалды. «Қазтелерадио» ұсынып отырған сандық арна теледидарыңызға арнайы қабылдағыш орнату арқылы көруге болады. Күнделікті қолданып жүрген телеарнаңызды енді спутниктік антеннаға ауыстырудың қажеті жоқ, сандық

қабылдағышты (приставка) бар-жоғы 12 мың теңгеге сатып алып, кез келген жерде теледидарыңызға орната беріңізге болады. Қазір тұрғындар 11 арнаның орнына 24 арнаны көре алады, болашақта арна санын көбейту жоспарлануда. 2015-2016 жылдары аймақтың басқа да ауылдары сандық хабар таратуға қосылақ.

Баламалы хабар тарату желісі сандық хабар тарату желісімен бірге 2015-2016 жылдарға дейін жалғасады.

Осылайша, ұлттық жерсеріктік және сандық эфирлі хабар тарату желісі республика халқына отандық арналарды тегін көруге мүмкіндік береді.

«Қаңтардағы Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында қабылданған хабар таратулық сандық жүйесі ішкі және шекара маңындағы аумақтарды, болашақта ел-жұртының 95 пайызын қамтып, қолжетімді болады деп жоспарлануда. Осы арқылы ауыл және қала тұрғындарының ақпараттық теңсіздігін

жою мәселесі шешілді.

Өткен жылғы маусым айында индустриалдық форум аясында сандық эфирлік теледидарға көшу бағдарламасының бірінші кезеңі іске қосылып, ол Астана, Алматы, Қарағанды, Жезқазған, Жанаөзен және оларға жақын орналасқан елді мекендерді қамтығандығы еске саламыз. Соның арқасында республиканың 370 елді мекенінде тұратын 35 млн. қазақстандық сандық эфирлік телеарнаға қол жеткізді.

Нұрбек САҒАТУЛЫ.



## МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ – ЕЛ МЕРЕЙІ

## МЕТАЛЛУРГИЯ МАЙТАЛМАНЫ



Туәлсіз мемлекеттер достастығында бірінші болып жекеменшікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін қалыптастырған Қазақстан мемлекеті тың үдерістерді толассыз іске асырумен танылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің есіп-өркендеуі жолында тың ұсыныстарды ортаға салумен қатар дүрріс шешімдерді батыл қолдап келе жатқанын анық. Осы арада Президенті өзінің халыққа Жолдауында: «біздің моделіміз шетелдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді роліне негізделген», деп атап көрсетті. Бұл батылдық пен ашықтық Сыр өңірінде де жаңа идеялардың жүзеге асыуына бастама болды деп айтқанымыз жөн. Бірыңғы кездері тек негізінен ауыл шаруашылығы бағытындағы қызу еңбегімен өрге шыққан Қызылорда облысына соңғы уақыттарда металлургия саласына да тұрған сарына бастады.

Туәлсіз мемлекеттер достастығында бірінші болып жекеменшікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін қалыптастырған Қазақстан мемлекеті тың үдерістерді толассыз іске асырумен танылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің есіп-өркендеуі жолында тың ұсыныстарды ортаға салумен қатар дүрріс шешімдерді батыл қолдап келе жатқанын анық. Осы арада Президенті өзінің халыққа Жолдауында: «біздің моделіміз шетелдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді роліне негізделген», деп атап көрсетті. Бұл батылдық пен ашықтық Сыр өңірінде де жаңа идеялардың жүзеге асыуына бастама болды деп айтқанымыз жөн. Бірыңғы кездері тек негізінен ауыл шаруашылығы бағытындағы қызу еңбегімен өрге шыққан Қызылорда облысына соңғы уақыттарда металлургия саласына да тұрған сарына бастады.

Уағынан созыла келе Шиеглі ауданының территориясына бас тейітін қарт Қаратаудың соңғы сілемдерінен сирек кездесетін ванадий металын өндіруге мүмкіндік бар екендігі анықтала түсті. Ванадий металының

қоспасы арқылы автокөлік, әскери техникаларды жасап шығару барысында оның беріктігін арттыруға болатындығы бұрыннан да белгілі. Оның қасиеті арқылы техникалардың салмағы бірнеше есеге жеңіл өрі берік болар еді. Оны броньды транспорттер, бронжилет жасауға да пайдаланатындығы өз ерекшелігін білдіреді деп ойлаймыз.

Міне, осы тың салаға «Фирма Балаус» ЖШС бастама көтергелі және де осы мақсаттарын жүзеге асыруға қадам жасағалы да біраз болды. Ол жобалық құны 1 млрд. теңге көлеміндегі ванадий металын апаратын тәсіл бойынша өндіруді қолға алатын зауытты іске қосуға батыл қадам ұстиде. Бұл Шиеглі ауданындағы Индустрияландыру картасына сай 4 жобаның бірі.

«Фирма Балаус» ЖШС бастамасы облыс әкімі тарапынан қолдау тауып, жұмыстарын жүйелі атқаруға кірісті. Геологиялық барлау нәтижесі «Балаус» қоспады» кенішінде 69 млн. тонна ванадий рудасының қоры бар екендігін көрсетті. Бұл батылдық пен ашықтық Сыр өңірінде де жаңа идеялардың жүзеге асыуына бастама болды деп айтқанымыз жөн. Бірыңғы кездері тек негізінен ауыл шаруашылығы бағытындағы қызу еңбегімен өрге шыққан Қызылорда облысына соңғы уақыттарда металлургия саласына да тұрған сарына бастады.

Уағынан созыла келе Шиеглі ауданының территориясына бас тейітін қарт Қаратаудың соңғы сілемдерінен сирек кездесетін ванадий металын өндіруге мүмкіндік бар екендігі анықтала түсті. Ванадий металының

қоспасы арқылы автокөлік, әскери техникаларды жасап шығару барысында оның беріктігін арттыруға болатындығы бұрыннан да белгілі. Оның қасиеті арқылы техникалардың салмағы бірнеше есеге жеңіл өрі берік болар еді. Оны броньды транспорттер, бронжилет жасауға да пайдаланатындығы өз ерекшелігін білдіреді деп ойлаймыз.

Міне, осы тың салаға «Фирма Балаус» ЖШС бастама көтергелі және де осы мақсаттарын жүзеге асыруға қадам жасағалы да біраз болды. Ол жобалық құны 1 млрд. теңге көлеміндегі ванадий металын апаратын тәсіл бойынша өндіруді қолға алатын зауытты іске қосуға батыл қадам ұстиде. Бұл Шиеглі ауданындағы Индустрияландыру картасына сай 4 жобаның бірі.

«Фирма Балаус» ЖШС бастамасы облыс әкімі тарапынан қолдау тауып, жұмыстарын жүйелі атқаруға кірісті. Геологиялық барлау нәтижесі «Балаус» қоспады» кенішінде 69 млн. тонна ванадий рудасының қоры бар екендігін көрсетті. Бұл батылдық пен ашықтық Сыр өңірінде де жаңа идеялардың жүзеге асыуына бастама болды деп айтқанымыз жөн. Бірыңғы кездері тек негізінен ауыл шаруашылығы бағытындағы қызу еңбегімен өрге шыққан Қызылорда облысына соңғы уақыттарда металлургия саласына да тұрған сарына бастады.

Уағынан созыла келе Шиеглі ауданының территориясына бас тейітін қарт Қаратаудың соңғы сілемдерінен сирек кездесетін ванадий металын өндіруге мүмкіндік бар екендігі анықтала түсті. Ванадий металының

Нұрмахан ЕЛТАЙЕВ, Шиеглі ауданы.

## БОЛАШАҚ САРБАЗДАР САП ТҮЗЕДІ

Қызылорда облыстық әскери комиссариатында күзгі мерзімдік әскери қызметке шақыру науқанының соңғы шығару салу рәсімі өтті. Бұл жолы қызылордалық елден аса жас сарбаз Отан аясындағы міндетті борышын өтеуге аттанды. Сайдан тасынатын іріктелген азаматтар Талдықорған қаласындағы Ішкі істер министрлігіне қарасты әскери бөлімге жолдана алады.

Салтанатты шараға облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департаментті бастығының орынбасары Ж.Ысқақов, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Е.Құмисожаев, қалалық «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары М.Баекеев және облыстық ардагерлер кеңесінің өкілі А.Садыхов қатысты.

Өнұранды шырақ тұрған азаматтарды алда жауапты кезең күтіп тұр. Жас сарбаздардың көңілде толқыныс, қобалжу бар. Алайда оларды Отан алдындағы борыш пен асқақ арман алға жетелейді.

Мақсұтов Оразалы – әскери борышын өтеуші: – Өте толқын тұрмын. Шынымды айтайын, қуаныштымын. Шығарып салушылар болғанын іште кішкене толқу бар. Бірақ, әскери қызметке бара жатқаныма қуаныштымын. Бұл ер азаматтың Отан алдындағы парызы ғой.

Биыл аймақта әскерге ниетті 1000-ға жуық сарбаз өтініш білдірді. Олардың барлығы да қатан сынақтан өтіп, міндеттерін абыроймен атқарып жүр. Сарбаздар жауы, ішкі әскер, шекара қызметі және Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери бөлімдерде борыштарын өтеп жатыр. Сырбойлық жас сарбаздар республиканың барлық аймағындағы әскери бөлімдерге жіберілген.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.